



Дезинфекция



Дезинфекция (зарарсыздандыру) – қоршаған ортадағы жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын жою. Дезинфекция кезінде микроорганизмдердің вегетативті түрлері ғана жойылады. Микроорганизмдерді физикалық факторлар мен химиялық заттармен жоюға болады.

Дезинфекцияның мақсаты: ЕСМ палаталарынан сыртқы ортаның объектілерінен жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын кетіру және жою.

Зарарсыздандырудың екі түрі бар: профилактикалық және ошақты.




Профилактикалық зарарсыздандыру емдеу сауықтыру мекемесінде АИИ алдын алу үшін жүргізіледі.

Ошақты зарарсыздандыру инфекция ошағын алғашқы 6-12 сағат ішінде қоздырғыштардан тазалау үшін жүргізіледі

Ошақты дезинфекцияның үш түрге бөлінеді: **күнделікті, қорытынды, соңғы.**

Күнделікті – үйде немесе емдеу сауықтыру мекемелерінде бірнеше рет ылғалды зарарсыздандыру ерітіндісімен жууды айтамыз. Эпидемиялық ошақта күніне бір рет жасалынып отырады. Мысалы: палатада күніне 2 рет, процедуралық бөлмеде 3 рет, асханада әр тамақтан кейін, әжетханада ластанған сайын, манипуляциялық бөлмеде әр бір манипуляциядан кейін зарарсыздандыру жүргізіліп отырады.



Қорытынды – науқас емделіп жақсы болып емханадан шыққан соң, науқасты бір бөлімшеден екінші бөлімшеге ауыстырғаннан кейін немесе қайтыс болғаннан соң бір рет өткізілетін шара. Зарарсыздандыру мақсаты эпидемиялық ошақты инфекцияда толық бір жолата босату. Ол 1 рет жасалынады, қалалық жерде 5-6 сағат ішінде, ауылдық жерде 12 сағат ішінде келесі жағдайларда жүргізілу керек.

- науқасты ауруханаға жатқызғанда үйінде жасау керек;
- науқас жазылып шыққаннан кейін аурухана палатасына жасау керек;
- науқас басқа бөлімшеге ауыстырылғанда палатаға жасалуы керек;
- науқас қайтыс болғанда;



Дезинфекция

профилактикалық

ЕПҰ-да АИИ алдын алу үшін жүргізіледі

ошақты

инфекция ошағында алғашқы 6-12 сағат ішінде жүргізіледі

күнделікті

үйде немесе ЕПҰ-да күнде бір неше рет жүргізіледі

қорытынды

науқас ауруханадан шыққан соң жүргізіледі

соңғы

терапия бөлімінде айына 1 рет жүргізіледі





Дезинфекция жүргізуге қажет заттар



Күнделікті дезинфекция жүргізу

Соңғы – терапия бағыттағы бөлімшелеріге айына бір рет, ал
хирургиялық
бағыттағы бөлімдерге және операциялық, таңғыш таңу, босану залдары,
жаңа туылған балалар, шала туылған балаларға аптасына бір рет жалпы
жинастыру жүргізіледі



Зарарсыздандырудың әдістері: **механикалық, физикалық, химиялық, аралас.**

Механикалық – жуу, шансорғышпен өңдеу, желдету, кір жуу, ылғалды жинау, қолды жуу.

Физикалық - қайнату, ыстық құрғақ ауа, сулы бумен әсер, УКС т.б.

Химиялық әдіс- ЕПҰ-да дезинфекцияның химиялық түрінің толық батыру әдісі жиі қолданылады. Науқаспен қарым-қатынаста болмайтын заттар, оның бөліктері үшін дәке, бөз шүберекті дезерітіндіге малып, 2 рет сүрту әдісі қолданылады.




Дезинфекцияның комбинацияланған (аралас) әдістері

Аралас әдісі арнайы дезинфекциялық камераларда жүргізіледі. Булы-ауалы 110°C температурада ылғалды ауамен, 0,5 атм қысым, экспозиция – 20 минут.

Параформалинді – 0,5 атм режимі, температура 90°C , экспозиция -30 минут

Камералы дезинфекцияда заттар ыстық ауамен белгілі температурада жоғары қысыммен, кейде будың әсерін күшейту үшін қосымша формальдегидті (формалин) камераға жіберу арқылы дезинфекцияланады



Дезинфекция

механикалық

кір жуу
шаңсорғышпен өңдеу
желдету

физикалық

қайнату
қалдықтарды өртеу
УКС қолдану
күн сәулесін қолдану

химиялық

формалин қолдану
глутарал қолдану
лизоформин қолдану
Дезоксон-1 қолдану

аралас

Камералы дезинфекция
булы-ауалы дезинфекция

биологиялық

антибиотиктерді қолдану
сарысуларды қолдану



Дезинфекциялық ерітінділер

ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

ФИЗИКАЛЫҚ

ТЕМПЕРАТУРА

КЕПТІРУ

**УЛЬТРАКҮЛГІН
СӘУЛЕ**

КҮН СӘУЛЕСІ

**СУ БУЫНЫҢ
ҚЫСЫМЫ**

ХИМИЯЛЫҚ

ФЕНОЛ

ҚЫШҚЫЛДАР

СІЛТІЛЕР

**ҚҰРАМЫНДА
ХЛОРЫ БАР
ЗАТТАР**

БИОЛОГИЯЛЫҚ

**АНТИБИОТИКА-
ЛЫҚ**

**МЕХАНИКА-
ЛЫҚ**

**УЛЬТРА
ДЫБЫС**



Жуғыш ерітіндіні дайындау

1. 5 грамм Лотос ұнтағы.т.б.
2. 27,5% -17 мл сутегінің асқын тотығы.
3. 978 мл су.

Жуғыш ерітіндіні 20-25°С жылытамыз.



Антисептикалық және дезинфекциялық заттар

Химиялық тобы	Препараттары
1. Құрамында галогені бар қосылыстар	Құрамында хлоры бар: хлорамина Б, хлоргексидин биглюконаты. Йодты: йодтың спиртті ерітіндісі, люголь ерітіндісі, иодоповидон, йодиол, йоданат, йодопирон
1. Тотықтырғыштар	Сутегі асқын тотығы ерітіндісі, калий перманганаты
3. Ауыр металл тұздары	Сынап: сынап дихлориді /сулема/, сынаптың сары тотығы. Күміс: күміс нитраты, проторгол, колларгол. Мырыш: мырыш сульфаты, мырыш тотығы, Мыс: мыс сульфаты Висмут: ксероформ, дерматол



4.Альдегидтер мен спирттер	Формальдегид, гексаметилентетрамин Этил спирті
5.Фенол мен оның туындылары	Таза фенол /карбол қышқылы/, ихтиол
6. Нитрофуран туындылары	Фурациллин
7. Бояғыштар	Бриллиантты жасыл, метилен көгі, этакридин лактаты.
8. Қышқылдар мен сілтілер	Қышқылдар : бор,салицил Сілтілер: аммиак ерітіндісі
9. Детергенттер	Церигель, дегмицид, роккал, жасыл сабын
10. Табиғи препараттар	Тұнбалар, тұндырмалар және басқа да препараттар: календуланың, жапон сафо-расының, түймедақ гүлінің, шалфейдің, эвкалиптің, шайқурай, сарымсақ, пияз және т.б. Антисептикалық өсімдік жинақтары: эктерицид, лизоцим, бализ-2



ЛИЗОФОРМИН ЕРІТІНДІСІН ДАЙЫНДАУ ҮШІН

0,5% лизоформин дайындау үшін 8 л суға 40мл лизоформин;
1% лизоформин дайындау үшін 8 л суға 80мл лизоформин;
2% лизоформин дайындау үшін 8л суға 160 мл лизофрмин;
3% лизоформин дайындау үшін 8 л суға 240 мл лизоформин.

Лизоформин сұйық көгілдір түсті пластмасс ыдыста шығарылады. Суда жақсы ериді. Сулы ерітінділері көгілдір және мөлдір, хош иісті болады. Дайындалған ерітіндінің сақталу мерзімі 14 күннен артық болмауы керек. Түсі өзгергеніне қарай ауыстырылып отырады.



ХЛОРАМИН ЕРІТІНДІЛЕРІ

Тура пайдалану алдында қолданылады;
0,5% дайындау үшін 1 л суға 0,5г хлорамин;
1% дайындау үшін 1 л суға 10 г хлорамин;
2% дайындау үшін 1 л суға 20 г хлорамин;
3% дайындау үшін 1л суға 30 г хлорамин.



Хлорамин ұнтағы



Дезинфекцияға арналған заттарға қойылатын талаптар:

- ыдыстардың қақпағы болу керек;
- ыдыстар мен қақпақтар маркерленген болу керек (дезерітінді концентрациясы тағайындалуы, дайындалуы уақыты жазылады);
- қымбат құрал-жабдықтар (эндоскоптар, т.б) қосымша инструктивті-әдістемелік құжаттарға сай дезинфекцияланады.



Дезинфекциялық ерітінділерді қолданғанда медицина қызметкерлерінің қорғану ережелері:

1. Құрамындағы хлоры бар ерітінділермен жұмыс істегенде медициналық қызметкерлер қолғаппен жұмыс істеу қажет.
2. Дезинфекциялық ерітінділер теріге немесе жара қабықтарына тигенде оларды ағынды судың астында жуу қажет;
3. Дезинфекциялық ерітінділердің ыдыстары, ерітіндінің атауы, оның концентрациясы, дайындау күні көрсетіліп, белгіленуі керек.
4. Дезинфекциялық ерітінділерді науқастардың қолдары жетпейтін арнайы бөлінген ғимараттарда (санитарлық бөлме) сақтау қажет.















Дезинфекция

